

**ҚР-НЫҢ СОТ  
ЖҮЙЕСІ МЕН  
СУДЬЯЛАРДЫҢ  
МӘРТЕБЕСІ**



# Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі

Республиканың Сот жүйесі Конституциямен және Республиканың конституциялық заңмен белгіленеді. ҚР-ның соттар жүйесін Жоғарғы Сот және Конституцияға сондай-ақ Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті соттар құрайды.



ҚР 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында сот жүйесінің бірлігі белгіленген, ол мынадай жолдармен қамтамасыз етіледі:

сот төрелігін конституциялық принциптерге сәйкес жүзеге асыру;

соттарды құру тәртібімен;

сот жүйесінің Конституциямен және Конституциялық заңдармен белгіленуі;

сот билігін сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген нысандарымен жүзеге асыру;

соттардың бірыңғай заңдарды қолдануы;

заңды күшіне енген сот шешімдерінің Республиканың бүкіл аумағында орындалу жүйесі;

барлық соттардың республикалық бюджет есебінен қаржыландыру;

# ҚР-дағы судьялардың конституциялық құқықтық мәртебелері.



ҚР-ның барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді. ҚР-ның Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен суляға сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер беріледі, олар міндеттерін тұрақты негізде орындайды және сот билігін жүргізуші болып табылады.


Судьялар қызметке Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес сайланады немесе тағайындалады және тұрақты негізде өкілеттіктерге ие болады.






# Заңда қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:


адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;



бір құқы бұзушілік үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;



өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;



сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

# Судьялардың тәуелсіздігі.

- Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәне жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуге тиіс.

# Судьялардың тәуелсіздігі мынадай кепілдіктермен қамтамасыз етіледі:

судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сайламағандығы үшін заңда жауаптылық белгілеуімен;

- судьяның ешкімнің тиіспеуімен;

судьяны қызметке сайлау, тағайындау, судьяның өкілеттігін тоқтату және тоқтата тұру тәртібімен, судьяның орнынан түсу құқығымен;

- судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ оны нашарлатуға тыйым салу арқылы.